ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 желтоқсан № 4360-25-00-2/2989 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Алма Кенесбековна Жангулова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

3
4

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер Алма Кенесбековна Жангулова жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Алма Кенесбековна Жангулова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Алма Кенесбековна Жангулова жеке кәсіпкерінен талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 89 861 (сексен тоғыз мың сегіз

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052
Электронный документ подписан в Documentolog Business

жүз алпыс бір) теңге және 2 696 (екі мың алты жүз тоқсан алты) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Жауапкер Алма Кенесбековна Жангулова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 22.12.2025

Заңды күшінде болды 04.02.2026

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052

4360-25-3-1/3103

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052
Электронный документ подписан в Documentolog Business

Квитанция о подписании

Основная информация

DOC ID	KZWPZVW2026000162048A36052
Тип документа	Внутренний документ
Тема	РНУ тіркеу "Жангулова" "Абаев"
Статус	На исполнении
Рег. Номер:	01-08/520
Рег. Дата:	19.02.2026
Количество страниц	2
Подписи	1

Информация об отправителе

Отправитель	Государственное коммунальное предприятие "Кызылордатеплоэлектроцентр" на праве хозяйственного ведения управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Кызылординской области

Информация о получателях

Информация о подписантах

Подписал(а)	Молдиманов Бахитжан
Компания	Государственное коммунальное предприятие "Кызылордатеплоэлектроцентр" на праве хозяйственного ведения управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Кызылординской области
Должность	Директор ГКП КТЭЦ
Email	gkpktez@ktez.kz
Тип ЭЦП	Другое
Подпись	495b9917...4a6c30fc5
Дата подписания	19.02.2026 12:01

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052